КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Смайлова Т. Х., 30.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Сералиев Е. Т., 29.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Такишева Л. М., 29.11.2023

2а-1889/2023

ҚАУЛЫ

2022 жылғы 28 қараша Шымкент қаласы

Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында төрағалық етуші судья Т.Х.Смайлова,
судьялар Е.Т.Сералиев және Л.М.Такишева,
сот мәжілісінің хатшысы А.Жұмаділдаеваның отыруында,
талап қоюшының өкілі Р.Молдабеков,
жауапкер жеке кәсіпкер А.Құлынбетова,
жауапкер өкілдері Ж.Өмірзаков және З.Султанмуратов,
үшінші тұлға өкілі А.Садықбековтың қатысуларымен,
өзінің ашық сот отырысында, қалалық сот ғимаратында талап қоюшы «Сайрам ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (әрі қарай - Бөлім) жауапкер жеке кәсіпкер Ақтолқын Қалдаршақызы Құлынбетоваға, үшінші тұлғалар «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесіне (әрі қарай - Департамент), Шымкент қаласы білім басқармасының «Энергетика және байланыс колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына, «Қазына-АУДИТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы азаматтық ісі бойынша қабылданған

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 11 тамыздағы шешіміне талап қоюшының келтірген апелляциялық шағымымен келіп түскен азаматтық ісін қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Бөлім аталған талап қоюмен сотқа жүгініп, оны жеке кәсіпкер А.Құлынбетованың анық емес ақпарат бергенімен негіздеген.

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 11 тамыздағы шешімімен Бөлімнің талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылған.

Апелляциялық шағымында талап қоюшы сот істің нақты мән-жайына дұрыс баға бермегенін, ақпарат дұрыс көрсетілмегенін айтып, талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығаруды сұраған.

Тараптардың түсініктерін тыңдап, шағым уәждері мен іс құжаттарын зерттеп, сот алқасы төмендегі тұжырымға келді.

Бірінші сатыдағы сотпен анықталған және іс құжаттарымен бекітілгендей, ұйымдастырушы білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың жекелеген санаттарын тамақтандыруды ұйымдастыру

5299-23-3-2/1878

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Смайлова Т. Х., 30.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Сералиев Е. Т., 29.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Такишева Л. М., 29.11.2023

бойынша мемлекеттік сатып алу туралы конкурс жариялаған, оған жеке кәсіпкер А.Құлынбетова өз құжаттарын ұсынған.

А.Құлынбетова конкурстық құжаттамасына қоғамдық тамақтандыру өндірісінің меңгерушісі мамандығы бойынша «Шымкент қаласындағы №1 өндірістік оқу орталығының» 1999 жылғы дипломының көшірмесін тіркеген.

Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті конкурс бойынша тексеру жүргізіп, сұраныс хаттар жолдаған.

Қазақстан Республикасы «Оқу-ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Шымкент қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» сұраныс хатқа жауап беріп, онда Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Шымкент қаласындағы №1 өндірістік оқу орталығына» қатысты мәлімет анықталмағанын көрсеткен.

Сонымен қатар, Оқу-ағарту министрлігі, техникалық және кәсіптік білім беру департаментінің хатына сәйкес, «№1 оқу-өндірістік орталығы» 1997-1999 жылдар аралығында ресми заңды тұлға ретінде әділет органдарында тіркелмеген, қалалық мемлекеттік архивке құжаттары сақтауға түспеген.

Осыған байланысты Бөлім жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талаппен сотқа жүгінген.

Бірінші сатыдағы сот жоғарыда көрсетілген мән-жайларды бағалап және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 11, 12-баптарының талаптарын қолданып, конкурсқа қатысу барысында А.Құлынбетова материалдық ресурстары бойынша біліктілік талаптарына әсер ететін шынайы ақпаратты конкурсқа ұсынғандығы туралы тұжырым жасаған.

Соттың бұл тұжырымы істің мән-жайларына және тараптардың арасындағы даулы қатынасты реттейтін материалдық заң нормаларына сай келмейді.

Іс құжаттарынан анықталғандай, сотқа тапсырған дипломға сай А.Құлынбетова №1 өндірістік оқу орталығын 1998 жылдың 1 қыркүйегінен 1999 жылдың 30 маусымы аралығында оқып, «Қоғамдық тамақтандыру өндірісінің меңгерушісі» мамандығы бойынша курсын бітірген.

Түркістан облыстық мемлекеттік архивтің 1996 жылғы 30 желтоқсандағы №247-П бұйрығына сай, «№1 оқу-өндірістік орталығы» Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет Басқармасына тіркелген.

Шымкент қаласының Әділет департаментінің «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорының 2023 жылғы 13 маусымдағы мәліметіне сай, «Учебно-производственный центр №1» Департамента образования Южно-Казахстанской области мекемесі 1996 жылы 30 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасына тіркелген.

5299-23-3-2/1878

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Смайлова Т. Х., 30.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Сералиев Е. Т., 29.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Такишева Л. М., 29.11.2023 Құжатқа қол қойылған: Сералиев Е. Т., 29.11.2023

Оңтүстік Қазақстан облыстық білім беру департаментінің 1998 жылғы 24 шәлдедегі бұйрығына сәйкес, №1 өндірістік оқу орталығы №24 кәсіптік-техникалық мектебі болып қайта құрылған.

Сонымен қатар, Шымкент қаласының №24 кәсіптік-техникалық мектебі 1998 жылғы 5 қазанда Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасына ресми түрде мемлекеттік қайта тіркеуден өткен.

Демек, 1999 жылы №1 өндірістік оқу орталығы болмауына байланысты, бұл мекеме диплом беруі мүмкін емес еді, яғни жауапкер А.Құлынбетова мемлекеттік сатып алу конкурсына шынайы мәлімет ұсынбаған.

Істің мұндай тұрғысында, алқа, бірінші сатыдағы соттың талап қоюшы «Сайрам ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Ақтолқын Қалдаршақызы Құлынбетоваға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюын қанағаттандырусыз қалдырғанын негізсіз деп санайды.

Бұл тұрғыда, сот шешімінің күші жойылып, талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылуға және апелляциялық шағым қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 109-бабына сәйкес жауапкерден мемлекеттік пайдасына сот шығыстары өндірілуге жатады.

АПК-нің 423-бабын, 424-бабының бірінші бөлігінің 3) тармақшасын басшылыққа алып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 11 тамыздағы шешімінің күші жойылып, талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылсын.

Жеке кәсіпкер Ақтолқын Қалдаршақызы Құлынбетова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Ақтолқын Қалдаршақызы Құлынбетовадан мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым - қанағаттандырылсын.

Қаулы заңды күшіне жария етілген күннен бастап енеді.

Қаулыға тараптар, іске қатысатын тұлғалар, мүдделері қозғалатын басқа да тұлғалар және олардың өкілдері Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 436, 440 және 441-баптарының талаптарын сақтай отырып, ол заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде кассациялық тәртіппен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына дау айту туралы өтінішхат беруі мүмкін.

5299-23-3-2/1878

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Смайлова Т. Х., 30.11.2023

Құжатқа қол қойылған: Сералиев Е. Т., 29.11.2023

Құжатқа қол қойылған: Такишева Л. М., 29.11.2023

Төрағалық етуші Т.Х.Смайлова

Судьялар Е.Т.Сералиев

Л.М.Такишева

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Смайлова Т. Х., 30.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Сералиев Е. Т., 29.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Такишева Л. М., 29.11.2023

ЖАДНАМА

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына кассациялық тәртіпте өтінішхат жіберу кезінде

ТЕКСЕРУІҢІЗ қажет:

I. Өтінішхаттың АПК-нің 434-бабының 2-бөлігінің талаптарына сәйкестігін (кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайтын сот актілерінің тізімі);

II. Өтінішхаттың АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкестігін (өтінішхаттың мазмұны). Тапсырма бойынша өкілдік ету АПК-нің 61-бабына сай ресімделеді.

Өтінішхатқа сенімхат, адвокат куәлігі және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама, заң консультанттары палатасына мүшелікті растайтын құжатты міндетті түрде тіркеу қажет.

III. Соттардағы мемлекеттік баж төлеу Салық кодексінің 610-бабына сәйкес жүргізіледі. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату Салық кодексінің 616-бабында көрсетілген. Талап қою бағасы АПК-нің 104-бабының талаптарына сай анықталады («Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 Нормативтік қаулысының 3-тармағы);

IV. Мемлекеттік баж төлеу үшін төлем деректемелері.

Бенефициар: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

БСН: 081240013779

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6205

БКК 108126

ТТК 911